№ 36 қазақ орта мектебі

# Педагог-психологтардың жүргізілген жұмысына талдауы

2022-2023 оқу жылы

№36 қазақ орта мектебінде 2 педагог-психолог қызмет етеді. Олар: Ш.А.Жакипова еңбек өтілі - 8 жыл 4 ай , Ж.С.Алиева еңбек өтілі – 7 жыл 5 ай .

**Психологиялық жұмыстың мақсаты:** жеке тұлғаны психологиялық тұрғыдан зерттеу, оқушыларға психологиялық қолдау көрсету.

2022 – 2023 оқу жылын 1244 оқушымен бастадық, 1-4 класта – 558 оқушы, 5-9 класта – 591 оқушы, 10-11 класта – 95 оқушы. Жаңа оқу жылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін: таным процестерін, темперамент типтерін, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтаумен сонымен бірге класс оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынас деңгейін социаметрия әдісімен зерттеуден басталды.

## 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі зерттеліп, қорытындысы таныстырылды.

**Күні:** 26.09-29.09.2022 ж
**Жұмыс түрі:** Диагностикалық
**Мақсаты:** Оқушылардың ақыл-ойының даму деңгейін, оқуға дайындығын анықтау.
**Әдістеме түрі:** Керн Йерасек тесті
**Тесттің орындалу уақыты:** 15-20 мин
**Қатысқан сыныптар:** 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В», 1 «Г» 1 «Д»
**Қатысуға тиісті:** 150 оқушы
**Қатысқаны:** 146 оқушы
**Диагностика барысында:**
Жұмыс үш тапсырмадан тұрады:
**1-жұмыс.** Ер адамның сыртқы пішінін салу.
**2-жұмыс.** Әріптердің жазба түрін көшіру.
**3-жұмыс.** Нүктелер тобын көшіру.

Жұмыс барысында оқушылардың әрекетеріне бақылау жасай отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін анықтау. Оқушының жұмыс жасау барысындағы қозғалысын анықтау. Бір орында отырып жасай ма, әлде айналып, қозғалып отырып мазасыздық танытама соны анықтау. Салынған суреттің (адам денесінің) детальдарын толық салуын қадағалау.

1.Оқушыларға үлгі парақтары таратылады;
2.Диагностика барысы түсіндіріледі;
3.Нұсқау барысында бағыт-бағдар беріледі;
4.Диагностика уақыты белгіленеді;

## 1 сынып бойынша оқушылармен жүргізілген педагогикалық-психологиялық диагностика қорытындысы.

**Мақсаты:** оқушының мектепке психологиялық дайындығын анықтау.

| класы | Оқушы саны | Жоғары деңгей | | Орташа деңгей | | Төмен деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | Сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш |
| 1 «а» | 26 | 25 | 96% | 1 | 4% | 0 | 0% |
| 1 «ә» | 21 | 19 | 92% | 2 | 8% | 0 | 0% |
| 1 «б» | 26 | 20 | 77% | 6 | 23% | 0 | 0% |
| 1 «в» | 25 | 23 | 92% | 2 | 8% | 0 | 0% |
| 1 «г» | 25 | 23 | 92% | 2 | 8% | 0 | 0% |
| 1 «д» | 26 | 25 | 96% | 1 | 4% | 0 | 0% |
| **Барлығы: 146** | | **135** | **92%** | **14** | **9%** | **0** | **0%** |

**Қорытынды:** оқушылар жұмыс жасау барысында суреттің детальдарын толық сала алғандығы, қарым-қатынасқа жақсы, еркін түсе алатындығы байқалды. Кейбір балалардың жеке басының ой-өрісінің дамуын, тұлғалық дамуын, қызығушылық сапаларын тереңдей зерттеуді қажетсінетіндігі анықталды.

**Ұсыныс:**
**1.** Педагогикалық- психологиялық дайындықтары орташа, психомоторлық қабілеті даму үстіндегі оқушылармен түзету, дамыту жұмыстарын жүргізу.
**2.** Оқу процесі кезіндеоқушыларға берілген тапсырмаларымен көмектесіп,баланың еркін сезінуіне жағдай туғызу қажет.




**Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының таным процестерінің қорытындысы:**

**2 сынып таным процесінің қорытындысы:**
**Зейін процесінің даму деңгейі:** жоғары - 21%, орташа - 51%, төмен - 28%.
**Көріп есте сақтау процесінің даму деңгейі:** жоғары - 5%, орташа - 42%, төмен-53%.
**Есту арқылы сақтау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 12%, орташа -46%, төмен-42%.
**Ойлау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 9%, орташа - 71%, төмен - 20%.
**Өзін-өзі бағалау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 36%, орташа - 47%,төмен- 17%.

**3 сынып таным процесінің қорытындысы:**
**Зейін процесінің даму деңгейі:** жоғары - 30%, орташа - 61%, төмен - 9%.
**Көріп есте сақтау процесінің даму деңгейі:** жоғары - 26%, орташа - 45%, төмен-29%.
**Есту арқылы сақтау процесінің даму деңгейі:** жоғары -30 %, орташа -44%, төмен-26%.
**Ойлау процесінің даму деңгейі:** жоғары - 34%, орташа - 36%, төмен - 30%.
**Өзін-өзі бағалау процесінің даму деңгейі:** жоғары - 35%, орташа - 49%,төмен- 16%.

**4 сынып таным процесінің қорытындысы:**
**Зейін процесінің даму деңгейі:** жоғары - 49%, орташа - 41%, төмен - 10%.
**Көріп есте сақтау процесінің даму деңгейі:** жоғары - 40%, орташа - 45%, төмен-15%.
**Есту арқылы сақтау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 38%, орташа -47%, төмен-15%.
**Ойлау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 34%, орташа - 51%, төмен - 15%.
**Өзін-өзі бағалау процесінің даму деңгейі:**жоғары - 24%, орташа - 53%,төмен- 23%.

**Ұсыныс:**
**1.**Оқушылардың танымдық іс-әрекетін ынталандыру мақсатында оқушылардың социометриялық нәтижелерін ескеру.
**2.**Есту, ойлау қабілеттерін дамыту.
**3.**Дыбыстық көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.
**4.**Өз бетімен әр оқушыға жұмыс беру.
**5.**Толық емес жанұядағы оқушыларға арнайы психологиялық тұрғыдан қарау.
Бастауыш класс оқушыларының оқу процесіне қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнама алынды :
**Сұрақтар:**
Сен үшін ең қиын пән?
Сен үшін ең қызықты пән?
Қандай пән қызықсыз өтеді?
Қай пәнді меңгеруің төмен?
**Нәтижесі төмендегідей:**
**Сен үшін ең қиын пән?**- математика, ағылшын, қазақ тілі, әдебиет, орыс тілі.
**Қандай пән қызықты өтеді?** -дене шынықтыру, дүниетану, музыка, математика, ағылшын.
**Қандай пән қызықсыз өтеді?** - ағылшын, өзін-өзі тану, әдебиеттік оқу.
**Қандай пәнді меңгеруін төмен?** -математика, орыс тілі, қазақ тілі, әдебиет.

4-сынып оқушыларынан 24.02-10.03 аралығында **«Кактус»** әдістемесі алынды.
**Мақсаты:** Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін тану
**Қажетті құралдар:** таза парақ 20*3, жәй қалам, түрлі түсті қаламдар,өшіргіш.
**Нұсқауы:** "Алдыңыздағы таза параққа өз ойыңыздағы кактустың бейнесін салыңыз"
**Зерттелуші адамға суретке байланысты қосымша сұрақтар қойса болады.**
**Сұрақтар:**
1.Бұл кактус жабайыма?
2.Инелері қолғакатты бата ма,ұстауға бола ма?
3.Кактус баптағанды,қамқорлықты ұнатама?
4.Кактус жалғыз өseме? Жоқ па
5. Кактус өскенде қалай өзгереді?
**Жауаптар:**
1.Жауабына байланысты жанұя қамқорлығына ұмтылуы байқалады.
2.Агрессия деңгейі
3.Өзіне назар аударудың деңгейі
4.Ұйымшылдық деңгей
5.Мінез-құлқының өзгеру бағыты




**М П П К** – медициналық – педагогикалық – психологиялық – консилиум – дезадаптация профилактикасы бойынша 2022-2023 оқу жылында 6-оқушы есепке алынды. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар Пірназаров Жанарыс 1 «ә», Жанұзақ Ерасыл 3 «в» , Қазбеков Рамазан 4 «в», жақсылық Нұрасыл 4 «г», Едил Айзере 5 «в», Жанахметов Қайсар 5 «д», сынып оқушылары. Жеке пакалары жинақталып жыл бойы оқушылармен жеке түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.










**2022-2023 оқу жылындаға 5-сынып оқушыларымен жүргізілген диагностика қорытындысы**

**Жалпы зерттеуге қатысқан:**№ 36 қазақ орта мектебінің 5 сынып оқушылары

**Жалпы оқушылар саны:** 146

**Зерттелген күні:** 04 - 07.10.2022 жыл

**Зерттеудің мақсаты:** оқушының орта буынға бейімделуін анықтау

**Әдістеме түрі:** Н.Г.Лусканова тесті «Оқу мотивациясын анықтау»

**Жүру тәртібі:** Оқушыларға 10 сұрақтан тұратын сауалнама таратылып, өз ойларын ашық жазылуы сұралды.

| класы | Оқушы саны | Жоғары деңгей | | Орташа деңгей | | Төмен деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш |
| 5 «а» | 22 | 14 | 64% | 6 | 27% | 2 | 9% |
| 5 «ә» | 22 | 15 | 75% | 3 | 15% | 2 | 10% |
| 5 «б» | 21 | 13 | 72% | 6 | 28% | 0 | 0% |
| 5 «в» | 20 | 7 | 40% | 9 | 55% | 1 | 5% |
| 5 «г» | 21 | 11 | 62% | 7 | 33% | 1 | 5% |
| 5 «д» | 19 | 7 | 37% | 9 | 53% | 2 | 10% |
| 5 «е» | 21 | 5 | 25% | 14 | 70% | 1 | 5% |
| **Барлығы:** 146 | | 72 | 49% | 54 | 37% | 9 | 6% |

5 «д» сынып оқушыларына «Мен, сен және барлық Әлем!» (инклюзивті класс) психологиялық сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушыларға барлық адам ақыл-ой немесе физикалық дамуына, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни ерекшеліктеріне қарамастан құрдастарымен тең дәрежеде жалпы білім беретін мектепте білім алуға құқылы екенін түсіндіру; болашақ өмірлерінде алдына қойған арман – мақсаттарына жетулері үшін ынталандыру, оның орындалатындығына деген толық сенімдерін арттыру. Сабақ барысында «Көңілді бет перде», «Көз, құлақ, қол» , Сен және Мен» тренингтері жүргізілді.





  

**6-7 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша «Зунг» (Т.И.Балашова бейімделу бойынша) сауалнамасының қорытындысы**

**Мақсаты:** Білім алушылардың депрессия бейімделу деңгейін анықтау.

**Күні:**17.10-18.10.2022 жыл

**Барлығы:** 219 оқушы

**Зерттеуге қатысқан:** 200 оқушы

**Нұсқау:**Оқушыға былай түсіндіріледі , 50 сұрақ беріледі соған мұқият жауап беріңіздер.

**Зерттеу қорытындысы төмендегідей:**

| № | Сынып | Жалпы саны | Қатысқано қушы саны | Бейімделуді қажет оқушы саны | Сынып жетекшілері |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | 6 «а» | **23** | 21 | 1 | Ж.Тайман |
| **2** | 6 «ә» | **22** | 22 | 0 | Б.Әмірханқызы |
| **3** | 6 «б» | **24** | 23 | 1 | А.Сайлаубай |
| **4** | 6 «в» | **23** | 22 | 1 | Г.Махаева |
| **5** | 6 «г» | **22** | 19 | 0 | Ә.Дәрібай |
| **6** | 7 «а» | **26** | 21 | 2 | Г.Жалимова |
| **7** | 7 «ә» | **26** | 23 | 1 | Ш.Абдибаева |
| **8** | 7 «б» | **26** | 24 | 0 | А.Айтыманова |
| **9** | 7 «в» | **27** | 25 | 1 | Г.Әубакирова |

Сауалнама нәтижесі бойынша анықталған оқушылармен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Нәтижесінде депрессияға бейім, көмек қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.

**2022-2023 оқу жылындаға 10-сынып оқушыларымен жүргізілген диагностика қорытындысы**

**Жалпы зерттеуге қатысқан:**№ 36 қазақ орта мектебінің 5 сынып оқушылары

**Жалпы оқушылар саны:** 48

**Зерттелген күні:** 07.10.2022 жыл

**Зерттеудің мақсаты:** оқушының орта буынға бейімделуін анықтау

**Әдістеме түрі:** Н.Г.Лусканова тесті «Оқу мотивациясын анықтау»

**Жүру тәртібі:** Оқушыларға 10 сұрақтан тұратын сауалнама таратылып, өз ойларын ашық жазылуы сұралды.

| Класы | Оқушы саны | Жоғары деңгей | | Орташа деңгей | | Төмен деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш | сандық көрсеткіш | Сапалық көрсеткіш |
| 10 «а» | 24 | 14 | 64% | 9 | 36% | 0 | 0% |
| 10«ә» | 24 | 16 | 71% | 7 | 29% | 0 | 0% |
| **Барлығы: 48** | | **30** | **62%** | **16** | **33%** | **0** | **0%** |

**5 сынып«Балалардың қабілетін диагностикалау және кәсіптік бағдарлау» сауалнамасының нәтижесі**

**Мақсаты:** 10-11 жастағы оқушылардың қабілетін анықтау үшін.

**Жүргізілу барысы:** qabilet.elbasyacademy.kz сайты арқылы электронды түрде.



Агрессия түрін анықтауға арналған 6-11 сынып оқушыларынан Басса – Дарки сауалнамасы, жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтауда 5 сынып оқушыларынан Р.Гудман сауалнамасы, қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау үшін 8-11 сынып оқушыларынан Дасс сауалнамасы алынды, қорытындысы шығарылды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушының бойында депрессия белгілері жоғары оқушылармен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді.Соның нәтижесінде , мобильді топтың шешімі бойынша 3 оқушы Тәуекел тізімге алынды. Класс жетекшілер, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педогог, мектеп психологымен бірлесе отырып мектепішілік есепке алынатын, қиын оқушы, даму мүмкіндігі шектеулі, мүгедек оқушылардың тізімі құрылды.Тәуекел топ оқушыларының ,мектеп ішілік есепте тұрған, мүмкіндігі шектеулі, ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімі жасалынды.

9-11 сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында «Дж.Голланд» әдістесесі, «Мен -қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнама, «Сенің кәсіби – ой ниетің», «Мамандық таңдауға дайынсың ба?» сауалнамалары алынып, қорытындысымен таныстырылды. Өздерінің мамандықтарына , таңдау пәніне сенімсіз оқушыларға жеке кеңестер берілді. Ата – аналарына «Мамандықтар әлемі» тақырыбында жадынама таратылды.

**«Мамандық таңдауға дайынсың ба?» сауалнамасының қорытындысы**

| Р/с | Класс | Оқушы саны | 0 – 6 ұпай - дайын емес | 7 – 12 ұпай – төменгі деңгейдегі дайындық | 13 – 18 ұпай - орта деңгейдегі дайындық | 19 – 24 ұпай – жоғары деңгейдегі дайындық |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9- А | 26 | 3-(12%) | 9-(35%) | 11-(49%) | 1-(4%) |
| 2 | 9-Ә | 25 | 3-(15%) | 10-(35%) | 11-(50%) | 0-(0%) |
| 3 | 9-Б | 26 | 0-(0%) | 11-(26%) | 13-(70%) | 1-(4%) |
| 4 | 9-В | 25 | 0-(0%) | 13-(61%) | 8-(35%) | 1-4(%) |

**«Сенің кәсіби ой – ниетің» сауалнамасының қорытындысы**

| Р/с | Класс | 10 класта қаламын | КТМ оқимын | Колледжде оқимын | Жұмыс істеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9- А | 15-оқушы | 0-оқушы | 8-оқушы | 2-оқушы |
| 2 | 9-Ә | 12-оқушы | 0-оқушы | 5-оқушы | 0-оқушы |
| 3 | 9-Б | 9- оқушы | 0-оқушы | 11-оқушы | 0-оқушы |
| 4 | 9-В | 15-оқушы | 1-оқушы | 4-оқушы | 2-оқушы |

**«Дж.Голланд» сауалнамасының қорытындысы**

| № | Класс | Оқушы саны | Реалистік тип | Зияткерлік тип | Әлеуметтік тип | Конвенцлды тип | Іскер тип | Әртістік тип |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9- А | 25 | 3-(12%) | 1-(4%) | 10-(44%) | 1-(4%) | 4-(16%) | 5-(20%) |
| 2 | 9-Ә | 25 | 1-(5%) | 5-(45%) | 4-(20%) | 3-(10%) | 1-(5%) | 3-(15%) |
| 3 | 9-Б | 26 | 2-(8%) | 2-(4%) | 12-(76%) | 2-(4%) | 2-(4%) | 2-(8%) |
| 4 | 9-В | 25 | 2-(8%) | 3-(12%) | 10-(52%) | 2-(8%) | 2-(8%) | 3-(12%) |
| 5 | 11-А | 26 | 5-(25%) | 2-(8%) | 7-(39%) | 3-(12%) | 2-(8%) | 2-(8%) |
| 6 | 11-Ә | 21 | 1-(4%) | 4-(16%) | 7-(60%) | 2-(8%) | 2-(8%) | 1-(4%) |

**Климовтың «Мен -қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасының қорытындысы**

| № | Класс | Оқушы саны | Табиғат | Техника | Адам | Белгілеу жүйесі | Көркем бейне |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9- А | 25 | 3-(12%) | 6-(30%) | 6-(30%) | 3-(12%) | 5-(16%) |
| 2 | 9-Ә | 25 | 7-(16%) | 2-(8%) | 10-(68%) | 2-(4%) | 2-(4%) |
| 3 | 9-Б | 26 | 3-(8%) | 6-(12%) | 11-(68%) | 0-(0%) | 4-(12%) |
| 4 | 9-В | 25 | 3-(12%) | 4-(16%) | 10 -(48%) | 1-(4%) | 5-(20%) |
| 5 | 11-А | 26 | 5-(20%) | 4-(16%) | 8-(43%) | 3-(12%) | 2-(8%) |
| 6 | 11-Ә | 21 | 0-(0%) | 6-(45%) | 5-(35%) | 2-(8%) | 3-(12%) |

Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында 3-11 сынып оқушыларынан «Мен және класс жетекші» сауалнамасы, 5-11 сынып оқушыларынан «Менің сүйікті ұстазым» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнама нәтижесінен мектепішілік мұғалімдердің мотитирнгі шығарылды.

Оқушыларды болашақ өмірлерінде алдына қойған арман-мақсаттарына жетулері үшін ынталандыру, оның орындалатындығына деген толық сенімдерін арттыру мақсатында 11 сынып оқушыларына «Армандар картасы» психологиялық тренинг-сабақ өткізілді. Оқушылардың мемлекеттік емтихан, ҰБТ алдында қобалжу деңгейін анықтау, мазасыздықтарын басу, айналадағыларға топтық сенім білдіру, ішкі қысымын, қорқынышынан арылту, бір -біріне сенімділіктерін арттыру мақсатында 9-11 сынып оқушыларына «Сенім – менің серігім!», «Менің үрей сезімдерім!» психологиялық сабақ, тимбилдинг жаттығулары өткізілді. «Уақытты қалай үнемді пайдалануға болады?», «Емтиханға дайындық күн тәртібі» тақырыбында психологиялық жадынама таратылды. «ҰБТ – ға қалай дайындалу қажет?», «Уақытты басқаруға қалай үйренуге болады?» «Емтиханға дайындықты дұрыс уйымдастыру», «Емтихан күн тәртібі» топтық және жеке кеңестері берілді.






















9-11 сыныптың қыз балаларына «Жасөспірімдердің өз репродуктивті денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру» тақырыбында жиналыс өткізілді, бейнероликтер көрсетіліп, жеке және топтық кеңестер берілді. Мақсаты: қыз балалардағы жеткіншек кездегі болатын физиологиялық өзгерістерді, өзін-өзі ұстауы, сөйлеу, жүріс-тұрыс мәдениетін, жеке бастың гигиенасын қалай жүзеге асыру жолдарын көрсетіп және олардың алдын алу. Сонымен қатар жасөспірімдердің кезеңдегі қыз балаларда туындайтын жеке проблемалар, ерте жастағы жүктілікті алдын-алу, қорғану тәсілдері, аборт және оның салдары, дұрыс қарым-қатынас, қиын жағдайға тап болған қыз балаларды психологиялық қолдау, кеңес беру жөнінде мектеп психологы тарапынан ақпараттар берілді, ашық пікір талас жүргізілді.«Қыз тәрбиесі», «Ерте жүктіліктің зияны» тақырыбында

бейнероликтер жүргізілді және «Өзіңді сұлумын деп есептейсің бе?...» тақырыбында 7 – 8 сынып қыз балаларынан анонимді түрде сауалнама алынып қорытындысы шығарылды.




Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізіліп, кеңестер берілді.

Мектептегі әлімжетік, бопсалау, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында 7-8 сынып оқушыларына «Буллинг.Кибербуллинг түрлері, салдары.» тақырыбында жиналыс өткізілді. Бейнероликтер көрсетіліп, топтық және жеке кеңестер берілді.






Тәуекел және мектепішілік есепте – 15 оқушы тұр. Тәуекел тобы бойынша 7 оқушы, мектепішілік есепте 8 оқушы тұр. КІБ де 1 оқушы есепте тұр. Тәуекел және мектепішілік есепте тұрған оқушыларға жеке папкалар жасақталды. Оған оқушы туралы жалпы мәлімет, оқушылардың педагогикалық– психологиялық даму карталары, бақылау картасы, тәрбиелік деңгейінің диагностикасы толтырылды. Жоспарға сай әдістемелер мен сауалнамалар қорытындылары салынды. Сенім жәшігі қайта жасалып, «Сенім телефоны және сенім жәшігі» туралы оқушыларға ақпараттар берілді.

5-11 сынып оқушыларының «Қиын бала қайдан шығады?» әңгіме-сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді. Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында Тәуекел топ оқушыларымен, мектепішілік есепте тұрған оқушылардың «Тұрмыстық зерттеу актілерін жасау, сұхбаттасу, жеке кеңес беру» жұмыстары жүргізілді. Класс жетекшілер мен ата-аналардың сұраныстары бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.






7 «в» сынып оқушыларына «Қауіпті жағдайлар.Сыпайы бас тарту» сабағы өткізілді. Мақсаты:Оқушылар арасындағы қарым-қатынаста топтық сенім білдіру, ішкі қысымын, қорқынышынан арылту. Бір біріне сенімділіктерін арттыру, әрқашан қолдау білдіре білу. Оқушылардың сыныппен қарым-қатынгастарын өзара байланыстарын, достық қарым-қатынастың деңгейін анықтап, ауызбіршілік пен мейірімділікті қалыптыстыру.









Оқушылардың қоғамға бейімделуін, қарым-қатынасын ортамен байланыстарын анықтау мақсатында мектебіміздің 9 сынып оқушыларына облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының психолог-әдіскері, магистр А.А.Тоқсанбаева «Жасөспірімдердің психологиялық иммунитетін қоғамға бейімдеу» тақырбында оқушыларға терапия жүргізілді.Сұраныс бойынша жеке және топтық кеңестер берді.






Жас мамандардың бейімділігін арттыру мақсатында мектебіміздің жас мамандарына арналған тренинг-ойындар жүргізілді.Мақсаты: ұжым ішінде бір-бірімізге деген қарым-қатынасты нығайту, ауызбіршілікті, татулықты қалыптастыру, бір-бірімен танысу жақын араласу. «Армандар картасы» мектеп мұғалімдеріне сергіту жұмысы жүргізілді. Мақсаты: адам баласының барша арман тізбегін қағазға түсіріп, оның орындалатындығына деген толық сенімін арттыру.







Мектептегі орын алған жағдайларға байланысты кикілжіңді болдырмау, конфликтіні шешу жолдары , медиация туралы  1-11 сыныптың жетекшілеріне « Батыс Қазақстан медиация және келісім үрдісі» орталығының медиаторы Б.К.Тайшикова түсіндіру жұмыстарын жүргізді.




Сонымен қатар  мемлекеттік емтихан, ҰБТ , мамандық таңдау , отбасылық қарым-қатынаста  пстихологиялық көмек көрсету мақсатында «Оқушыларға мемлекеттік  емтиханға дайындықта  психологиялық  көмек», «Отбасы және бала тәрбиесі» , «Мамандығым - мақтанышым» , «Емтиханға дайындық күн тәртібі»  тақырыптарында  9-11 сынып оқушыларының ата –аналарына жиналыс өткізілді. Топтық және жеке кеңестер берілді, жадынама таратылды.











Сонымен қатар жыл бойына «Сөйлеу, тіл дамытуға арналған психологиялық жаттығулар», «Орта мектептің инклюзивтік білім беру мектеп директорының орынбасарларына, дефектологтарға арналған семинар-практикум», «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау», «Инклюзивті білім берудегі академиялық теңдікті қамтамасыз ету стратегиясы ретінде оқытудың вариативті тәсілдері», «Балалардың хал-ахуалы – заманауи білім беруді дамытудың құндылықты-нысаналы бағдары» тақырыптарында мектеп психологтарына арналған қалалық семинар, вебинар, конференцияларға қатыстырылды.

**Қорытынды:**

2022-2023 оқу жылында жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қортыланып, таныстырылып отырылды. Жалпы жыл бойы жүргізілген жұмыстарға «қанағаттанарлық» деңгейде өтті.

**Ұсыныс:**

**1.** Оқушылардың танымдық іс-әрекетін ынталандыру мақсатында оқушылардың социометриялық нәтижелерін ескеру.

**2.** Толық емес жанұядағы оқушыларға, тәуекел топ оқушыларына, мектепшілік есепте тұрған оқушыларға арнайы психологиялық тұрғыдан қолдау, кеңес беру.

**3.** Жоспарланған, өткізілмей қалған іс-шаралар келесі оқу жылында өткізілсін.

**Мектеп психологтары:** **Ш.А.Жакипова**

**Ж.С.Алиева**

**Бекітемін**
**«№36 қазақ орта мектебі»**
**КММ-нің директоры**
**______________ Б.У.Сарин**

# 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызметтің жылдық жұмыс Ж О С П АР Ы

**Педагог-психологтар: Ж.С.Алиева**
**Т.М.Тажигулова**

**Ақтөбе қаласы**

## Түсінік хат

Мектеп психологының жылдық жұмыс жоспары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы** негізінде құрылды.

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету - дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

**Психологиялық қызметтің мақсаты-оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.**

*(«2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктер. 45 бет))*

- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.
- Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.
- Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

**Ата-анамен жұмыс жасаудың мақсаты:**

- Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білім мен даму процесіне ата – ананы баулу.

**Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:**

- Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.
- Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

## Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

**Психологиялық диагностиканың мақсаты:**

- Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

**Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:**

- Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

**Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:**

- Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

**Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:**

- Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

**Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:**

- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

| Іс-шаралар | Жұмыстың бағыттары | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Орындалу нысаны | Жауаптылар | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **І. Диагностикалау** | | | | | | |
| Басса-Дарки әдістемесі бойынша оқушылар арасында агрессия деңгейін анықтау | диагностика | 8-11 кл | Қыркүйек-қазан | Агрессия деңгейі жоғары оқушылармен профилактикалық жұмыс | Педагог-психологтар | Хаттама №1<br>ҚББ есеп |
| Ата-аналар жиналысы | жиналыс | 5-9 класс | Қыркүйек 2- апта | Бақытты шаңырақ – бақытты ел» тақырыбында жиналысқа жеке және топтық кеңес беру, жадынама тарату. | Педагог-психологтар | Анықтама |
| Н.Г.Лусканова тесті | диагностика | 5-класс | Қазан 1 - апта | Оқу мотивациясын анықтау | Педагог-психологтар | Хаттама №2<br>ҚББ есеп/қараша |
| Керн Иерасек | диагностика | 1-класс | Қазан 1-2 апта | Бейімделуін зерттеу | Педагог-психологтар | Хаттама №3<br>ҚББ есеп/қараша |
| Н.Г.Лусканова тесті | диагностика | 10-класс | Қазан 2 - апта | Бейімделуін зерттеу | Педагог-психологтар | Хаттама №4<br>ҚББ есеп/қараша |
| Ата – аналар жиналысы | жиналыс | 1 - класс | Қазан 4-апта | 1-сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігі және бейімделуі туралы ата-аналарға психологиялық қолдау. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Филиппс әдістемесі бойынша оқушыларда мазасыздықты анықтау | диагностика | 5-7 класс | Қараша 1-2 апта | Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен профилактикалық жұмыс | Педагог-психологтар | Хаттама №5<br>ҚББ есеп |
| DASS әдістемесі бойынша оқушыларда мазасыздық, стресс, депрессияны анықтау | диагностика | 8-11 класс | Қараша-желтоқсан | Мазасыздық, стресс, депрессия анықталған оқушылармен жеке жұмыс | Педагог-психологтар | Хаттама №6<br>ҚББ есеп |
| Социометриялық анкета/ класс жетекшіден | диагностика | 5-11 класс | Қараша 2-апта | Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Танымдық процесінтерін зерттеу | диагностика | 3-4 класс | Желтоқсан 2-3 апта | Көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау деңгейлерін зерттеу | Педагог-психологтар | ДЖК (анықтама) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кәсіби бағдар тесттері: Климов әдістемесі Голланд әдістемесі | сауалнама | 9-11 класс | Желтоқсан 3-апта | Кәсіби мамандыққа бағыт-бағдар, бейімділігін анықтау | Педагог-психологтар | Хаттама№8 |
| Ата-аналар жиналысы | жиналыс | 6-9 класс | Желтоқсан 2-апта | «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Баланы қорлау-қоғам қасіреті», «Балаларымызды қорғайық» жадынама тарату. «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама алу. | Педагог-психологтар | Хаттама №9 |
| Басса –Дарки әдістемесі | диагностика | 8-11класс | Қаңтар 3-апта | Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама | Педагог-психологтар | Хаттама №10 |
| Ч.Д.Спилгергер әдістемесі бойынша оқушылардың жеке және ситуативті мазасыздығын анықтау | диагностика | 8-11 класс | 3-тоқсан Қаңтар-Ақпан | Жеке және ситуативті мазасыздық жоғары оқушымен профилактикалық жұмыс | Педагог-психологтар | Хаттама №11 ҚББ есеп |
| «Менің сүйікті ұстазым» | сауалнама | 5-11 класс | Ақпан 2-3 апта | Пән мұғалімдері мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау | Педагог-психологтар | Хаттама №12 |
| «Мен және класс жетекші» | сауалнама | 3-11 класс | Ақпан 3-4 апта | Оқушы мен класс жетекшінің қарым-қатынасын анықтау, топ ахуалын зерттеу. | Педагог-психологтар | |
| Ата-аналар жиналысы | | 1-5 класс | сұраныс бойынша | Ерекше оқытылуды қажет ететін оқушылардың ата-аналарына психологиялық ұсыныстар, кеңестер беру. | Педагог-психологтар | Хаттама №16 |
| Кактус әдістемесі | сауалнама | 4-класс | Наурыз 3-апта | Жеке оқушының өзінің ерекшеліктерін жағымды жағымсыз мінез-құлқын зерттеу | Педагог-психологтар | Хаттама №17 |
| Басса-Дарки, Спилбергер, Филлиппс, DASS әдістемелері бойынша анықталған оқушылармен | диагностика | 5-7 класс 8-11 класс | Наурыз Сәуір | Анықталған оқушылармен профилактикалық, коррекциялық жұмыс | Спилгергер әдістемесі бойынша оқушылардың жеке және ситуативті | Хаттама №18 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аффермация бағыттарын үйрету. | психологтар | |
| «Мен,сен және барлық – Әлем!» | **психологиялық сабақ** | 5-класс | Қаңтар<br>2-апта | Оқушыларға түзету-дамыту жаттығуларын жүргізу, топтық кеңес беру. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Қауіпті жағдайлар. Кибербуллинг /Буллинг | **психологиялық сабақ** | 6-8 класс | Қаңтар<br>3-апта | Буллинг, кибербуллинг, мектептегі әлімжетік туралы толық ақпарат беру, бейнероликтер көрсету, жадынама тарату. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Мейірімді болса жүрек, орындалады тілек» Сергіту жаттығулары | **психологиялық сабақ** | 1-3 класс | Ақпан<br>2-апта | Оқушыларға мейірімділік, адамгершілік, достық туралы ақпарат беру, сергіту жаттығуларын өткізу. | Педагог-психологтар | Хаттама |

## III.Профилактика және психологиялық ағарту

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Семинар (сабақ) тақырыбы | | 1кл/5кл/<br>10класс<br><br>2-11 класс<br><br>1кл, 4кл,<br>7кл , 11кл<br><br>5- 10класс | Қараша<br>Қаңтар<br>Наурыз<br>Мамыр<br>(білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша)<br>Қыркүйек | Мақсаты :<br>Бейімделу кезеңінің маңыздылығы (ата-ана,педагог)<br>1. Буллинг/ Кибербуллинг (зорлық-зомбылық, достық қарым-қатынас) ;<br>2. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу(құқықбұзушылықтың , ерте жүктіліктің алдын алу);<br>3. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу;<br>4. Жасерекшелік психологиясы (ата-ана, педагог);<br>5. EQ- әлеуметтік бейімделу негізі;<br>6. «Бақытты отбасы» бағдарламасы | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» . | **дәріс,түсіндіру жұмыстары** | **9-11 класс** | **Қыркүйек<br>2-3 апта** | **Оқушыларды мектептің ішкі типтік ережелерімен таныстыру, әлімжетік, қорқыту, бопсалау фактілері туралы ақпарат беру,** | **Педагог-психологтар** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсіндіру. | | |
| «Ерте жүктіліктің алдын - алу» | **қыздар жиналысы** | 7-9 класс | Қараша 1-2 апта | Қыз балаларға ерте жүктілік туралы ақпарат беру, бейнероликтер көрсету, түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Педагог-психологтар | |
| «Менің үрей сезімдерім» | психологиялық сабақ | 11 класс | Қаңтар 3 - апта | Оқушылардың ҰБТ алдындағы үрей, қорқыныштарынан арылуға арналған тренинг, жаттығулар. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Репродуктивті денсаулық» | Қыздар жиналысы | 8-11 класс | Қаңтар 4-апта | Ерте жүктіліктің алдын алу «Ана үйі», «Анаға тағзым» орталықтарына мектептің қыз балаларын алып бару | Педагог-психологтар | Анықтама |
| «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан» | психологиялық тренинг | 8-11 класс | Наурыз 2 апта | Бақытты отбасы орталық мамандарымен кездесу | Педагог-психологтар | Анықтама |
| «Менің құқықтарым» | психологиялық сабақ | 5-6 класс | Сәуір 2-апта | Оқушылардың құқық туралы түсінігін қалыптастыру; | Педагог-психологтар | Хаттама |
| **IV.Консультация беру** | | | | | | |
| Білім алушы Педагог | | 1-11класс | Жыл бойы | Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Ата-ана | | 1-11 класс | Жыл бойы | Диагностика қорытындысы бойынша; Мобильді топтың шешімі бойынша. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Педагог | | 1-11 класс | Жыл бойы | Диагностика қорытындысы бойынша; Сұраныс бойынша | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Мектеп ұжымына | психологиялық акция | Педагогтар | Желтоқсан 3-4апта | «Құпия дос» | Педагог-психологтар | Анықтама |
| ЕОҚЕ оқушыларға, үйде оқытылатын оқушыларға | | 1-11 класс | Жыл бойы | «Мен кіммін?», «Мен қандаймын?», «Менің Отбасым» жоспар бойынша | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Жас мамандарға | психологиялық акция | Жас мамандар | Қаңтар 1-2 апта | «Жеке тұлғалық және кәсіби өсуі» тренинг | Педагог-психологтар | Анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| динамиканы анықтау мақсатында қайта диагностикалау. (тек анықталған оқушалырмен) | | | | | мазасыздығын анықтау | |
| **II.Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | | |
| «Сенім - менің серігім!» | психологиялық тренинг | 9-11 класс | Қазан 3-апта | Оқушылардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, бір-бірлерімен жағымды қарым – қатынас орнату.Тимбилдинг жаттығулары. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Түзету дамыту сабақтары | | ЕББҚ-оқушылар | (білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша) | ЕББҚ-оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Түзету дамыту сабақтары | | Тәуекел тобы | (білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша) | «Тәуекел тобы» оқушыларды түзету-дамыту | Педагог-психологтар | |
| «Қауіпті жағдайлар.Сыпайы бас тарту» | тренинг ойындар | 6-8 класс | Қараша 3-апта | Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту; Әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыра білу қабілеттерін қалыптастыру. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» | тренинг ойындар | 8-11 класс | Қазан 3-апта | Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Мамандықты таңдау-болашақты болжау» | тренинг ойындар | 9-11 класс | Желтоқсан 2- апта | Кәсіби ой-ниетті дамыту Тимбилдинг жаттығуларын жүргізу. | Педагог-психологтар | Хаттама |
| «Армандар картасы» | психологиялық тренинг | 11-класс | Желтоқсан 3-апта | Оқушылардың болашақ өмірлерін жоспарлауға үйрету, мотивация, | Педагог- | Хаттама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мектеп ұжымына | **психологиялық тренинг** | Педагогтар | Ақпан<br>1-2 апта | «Армандар картасы» | Педагог-психологтар | Анықтама |
| **V.Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс** | | | | | | |
| Әдістемелік күн | | | Жыл бойы | Тақырыбы<br>мақсаты | Педагог-психологтар | Хаттама |
| Психологтың ақпараттық стендінде Сенім телефондары, мектептің Сенім поштасы туралы ақпаратты хабарлау және орналастыру. | | | Айына 1-рет | Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету. | Педагог-психологтар | Акт |
| **VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер** | | | | | | |
| Жарты жылдық есеп / Жылдық есеп | | Психологиялық қызмет | Тоқсандық | SWOT-талдау | Педагог-психологтар | Есеп |

**Педагог-психолог:** **Ж.С.Алиева**

**Т.М.Тажигулова**